

Инновациялық технологиялардың ерекшеліктері



Педагогикалық инновациялар классификациясы

ИННОВАЦИЯ

"**Innovatio**"-латын сөзі;"**novis**"-жаңалық,
"**in**"-енгізу, жаңару, жаңалық, өзгерту.

Жаңа мазмұнды ұйымдастыру, жаңалық
енгізу (Т.И.Шамова, П.И.Третьяков)

Көрсетілген деңгейге апаруды қамтамасыз
ететін теориялық, технологиялық және
педагогикалық іс-әрекеттің біртұтас
бағдарламасы(А.И.Кочетов)

Жаңа үлгілердің бағытындағы нақты
әрекет, мөлшердің шегінен шығатын
кәсіптік іс-әрекеттің жаңа сапалы
деңгейге көтерілуі (В.Кваша, В.Лапин).

Нақты қойылған мақсатқа жетуде ойға алған
жаңа нәтиже
(Ш.Таубаева, Қ.Құдайбергенова)

Дидактикалық инновациялар түрі

Білім беру саласы

Оқытудың
мазмұны мен
құрылымы
бойынша

Оқыту
технологиясы
бойынша

Оқыту
процесін
ұйымдастыру
бойынша

Оқыту
құралы
бойынша

Оқу-тәрбие
үдерісін
басқару жүйесі
бойынша

Масштабына қарай

Жеке (жеке-дара,
бір-бірімен
байланыспаған)

Модульдік (жеке-дара
кешені, бір-бірімен
байланысқан)

Жүйелі
(дидактиканы толық
қамтитын)

Жүзеге асыру тәсіліне
қарай

Жүйелі, жоспарлы
(болжамды)

Спонтанды, кездейсоқ,
стихиялық

Радикалдық



**Инновациялық
әлеуетіне қарай**

Модификациялық

Комбинаторлық




**Басымдық
ерекшеліктері**

Қолда барды
дамыту, түрін
өзгерту

Бұрын пайдаланылмаған,
белгілі әдістеме
элементтерін жаңаша құру

Интегративті
курстарды
енгізу



Мысалы

Тірек конспектсі арқылы оқыту:
В.Ф.Шаталовтың математикаға
жазған тірек конспектсі және оны
көптеген мұғалімдердің
пайдалануы

Физика мен астрономия
(астрофизика курсы), биология
мен физика (биофизика курсы),
валеологиямен дене шынықтыру
және т.б.

Жалпы білім беретін мектептің
оқу-тәрбие процесінде лекция-
семинарлық жүйені енгізу:
лекция-семинар-конференция
сабақтары

Қазақстан Республикасында соңғы жылдары болып жатқан экономикалық және әлеуметтік өзгерістер, білім беру процесін де жаңаша қарастыруды талап етеді.

оқыту мазмұны мен құрылымы бойынша

оқыту үдерісін ұйымдастыру бойынша

білім беру сапасы бойынша

оқыту құралы бойынша

оқыту технологиясы бойынша

оқу-тәрбие үдерісін басқару жүйесі бойынша

Дидактикалық инновациялар

жүйелі, жоспарлы


жүзеге асыру тәсілі

спонтанды, кездейсоқ

Инновациялық педагогикалық технологиялар классификациясы

Инновациялық педагогикалық технология

Оқушы іс – әрекетін белсендіруге негізделген педагогикалық технология



- Ойын технологиясы
- Проблемалы оқыту
- Тірек белгілері мен тірек конспектілері негізінде оқыту технологиясы (В.Ф.Шаталов)
- Жаңа ақпараттық коммуникативтік технологиясы
- Витагендік оқыту (А.С. Белкин)
- Тренингтік технология
- Акмеологиялық технология
- Өздігінен даму технологиясы (М.Монтессори)
- Дымта оқыту технологиясы (Л.С.Выготский, Л.В.Занков, Д.В.Эльконин, В.В.Давыдов)

Оқыту процесін тиімді ұйымдастыру және басқаруға негізделген педагогикалық технология



- Бағдарлап оқыту
- Саралап оқыту технологиясы (В.В. Фирсов, Н.П.Гузик)
- Жекеше оқыту технологиясы (А.С. Границкая, Инге Унт, В.Д. Шадриков)
- Оза отырып оқыту технологиясы (С. Н.Лысенкова)
- Топтық және ұжымдық оқыту технологиясы (И.Д.Первин, В.К. Дьяченко)
- Компьютерлік технологиясы (Ж.А. Қараев)
- Модульдік оқыту технологиясы (М. М.Жанпейісова)
- Мультимедиялық технология
- Жобалап оқыту технологиясы

Оқу материалын дидактикалық – әдістемелік жетілдіруге негізделген педагогикалық технология



- Дидактикалық бірліктерді ірілендіру (П.М.Эрдниев)
- «Мәдени диалог» технологиясы (В.С.Библер, С.Ю.Курганов)
- «Экология және диалектика» жүйесі (Л.В.Тарасов)
- Ойлау іс – әрекетін кезеңмен қалыптастыруды жүзеге асыру технологиясы (П.Я.Гальперин)
- Ойлау іс – әрекетін кезеңмен қалыптастыру теориясын жүзеге асыратын технология (М.Б. Волович және т.б.)
- Сатылай кешенді талдау технологиясы (Н.А. Оразахынова)
- Бейнетехнология

Пікірсайыс, ойын, тренинг
технологиясы

Тұлғалық бағдарланған
оқыту технологиясы

Проблемалық оқыту
технологиясы

Деңгейлеп оқыту
технологиясы

Шаталовтың тірек
конспектілерін оқыту
технологиясы

**ИННОВАЦИЯЛЫҚ
ТЕХНОЛОГИЯЛАР**

Сын тұрғысынан оқыту
технологиясы

Дамыта оқыту
технологиясы

Мультимедиялық оқыту
технологиясы

Модульдік оқыту
технологиясы

Жобалап оқыту
технологиясы

Компьютерлік оқыту
технологиясы

Тұлғалық бағдарланған оқыту технологиясы

Басты мақсаты-оқушы тұлғасының жеке қабілеттері мен қасиеттерін дамыту (И.С.Якиманская).

Білім беру жүйесі басынан-ақ оқушыдан бастап оқыту және тәрбиелеу мақсаттарына, мазмұны мен технологияларына қарай бағыттала құрылуы тиіс.

Оқушы дамуын диагностикалау мен ынталандыруды мұғалім олардың қызметін ұзақ уақыт бойына байқау әдістері негізінде іске асыруы тиіс.

И.С.Якиманскаяның пайымдауынша, жеке тұлғаға бағдарланған оқытуда даралау тәсілі барлық білім беру процесінің негізгі қағидасы болып табылады, оның мақсаты-әрбір баланың мүмкіндіктерін танып, дамыту.

"Жеке тұлғалық тәсіл жағдайында балалардың өзіндік жеке ерекшеліктерінің болуы қойылған мақсатқа жетудің-яғни, қайталанбас жеке тұлға ретінде әрбір оқушының дамуын қамтамасыз етудің қажетті шарты".

Тұлғалық бағдарланған оқыту технологиясы

Е.В.Бондоревская бойынша, жеке тұлғаға бағдарланған оқытудың мазмұнында жеке жеке тұлғаны дамытуға және қалыптастыруға қажетті 4 компонент міндетті түрде болуы қажет:

- ❖ *Аксеологиялық*
- ❖ *Когнитивті*
- ❖ *шығармашылық-әрекеттік*
- ❖ *жеке тұлғалық.*

Г.К.Селевко бойынша, *ең негізгі құндылығы*-оқушы жеке тұлғасы, ал *негізгі мақсаты* - табиғи қабілеттеріне сәйкес тұлғаны дамыту және қалыптастыру.



Деңгейлеп оқыту технологиясы

Мақсаты – жан-жақты дамыған
тұлғаны қалыптастыру

Технологияны ізденіп,
зерттеген ғалымдар:
**Н.П.Гузик, Ж.Қараев, Г.Ғ.
Еркибаева**

Міндеттері:

1. Ақпараттық және деңгейлеп оқыту технологиясының тиімді әдістерін пайдалану арқылы білімге деген қызығушылығын арттырып, танымдық қабілеттерін дамытуға жағдай жасау.
2. Оқушы жүрегіне жол табу арқылы сабақтардың әрбір сәтін қызықты, ұтымды өткізу.
3. Оқытудың жаңа технологияларын қолдана отырып, жеке, жұпта, топта жұмыс істеу барысында мұғалім мен оқушының ынтымақтастығын қалыптастыру, оқушылардың ойына ерекше құрметпен қарау

Деңгейлеп оқыту технологиясы

Деңгейлеп оқыту идеясының авторы **Н.П.Гузик** сыныптағы оқушыларды да, соған сәйкес оқу бағдарламаларын да А, В, С – үш деңгейге бөлуді ұсынады.

«А» – бағдарламасындағы тапсырмалар базалық стандарт түрінде белгіленеді. Оларды орындай отырып оқушы пән бойынша қайталау деңгейінде нақты материалды меңгереді. Материалды алғаш меңгеру материалдың сан рет қайталануын, мағыналық топтарды бөлу, негізгі ойды табу дағдысын, есте сақтау тәсілдерін білуді, т.с.с. талап етеді.

«В» – бағдарламасын орындамас бұрын «А» бағдарламасындағы тапсырмаларды әрбір оқушы орындауға міндетті. «В» – бағдарламасын қолдануға арналған есептерді орындау оқушылардың оқу, ой-әрекетінің арнайы тәсілдерін меңгеруін қамтамасыз етеді. Бұл деңгей мәліметтер көлемін кеңейтіп, негізгі материалды терең түсінуге көмектеседі.

«С» – бағдарламасының орындалуы оқушыларды алған білімді шығарма шылықпен қолданылатын деңгейге көтереді. Бұл бағдарлама оқу жұмысы мен ой-әрекетінің тәсілдерін және деректі оқу материалын еркін игеруді көздейді. Оқушыға өзін қосымша жұмыста көрсетуге мүмкіндік береді.



Оқушылардың жана тақырыптан алған білімдерін бекіту үшін, еске түсіріп, қайталау үшін және алған білімдерін практикада қолдана білуге жаттықтырады.

**Бірінші деңгей -«үйренушілік»
(Репродуктивтік)**

Бұл деңгейде тексеру тапсырмалары, көлемді материалдарды жүйеге келтіруге, реттеуге арналған, мазмұны өзгертілген жағдайға тапсырмалар беріледі.

Екінші деңгей-«алгоритмдік»

**Ж.Қараевтың деңгейлеп
саралап оқыту
технологиясы**

**Үшінші деңгей -
«эвристикалық»**

Бұл деңгейде оқушылар тақырып бойынша меңгерген білімдерін жетілдіріп, тереңдетумен қатар, ой қорытуға арналған, дағды қалыптастыратын, әртүрлі әдіс-тәсілдермен орындалатын тапсырмалар орындайды

**Төртінші деңгей-
«шығармашылық»**

Оқушы өзіндік шығармашылық деңгейін көрсетеді. Шығармашылық тапсырмалар – оқушылардың білімділігі мен дағдысын қалыптастыру және оны бағалау деңгейі болады



Дамыта оқыту технологиясы




Дамыта оқыту –
Оқушының ішкі әлеуметтік мүмкіндіктерін пайдалана отырып оның дене, рухани,
танымдық, интеллектуалдық қабілеттерін дамытуды көздейтін білім берудің
теориясы мен практикасындағы бағыт.

Дәстүрлі оқыту

- Метафизикалық (сандық, мазмұндық) әдіснама
- Балада білім, білік, дағды алуға қажетті ақыл, сана бар деп есептеп сол ақылға дайын білімді күй керек.
- Жаттауға, есте сақтауға үйретеді.

Дамыта оқыту

- Диалектикалық (интенсивті, сапалық, мәнділік) әдіснама.
- Бала бойындағы табиғи қабілеттерді, ойлауды, жаңа белестерге көтеруді мақсат тұтатын принциптер.
- Дербес жұмыс істеуге, алған білімді пайдалана білуге үйретеді.



***Профессор Б.Д.Элькониннің пікірі
бойынша,***

дамыта оқыту жүйесімен білім алған балалардың дүниеге деген көзқарастары терең және көріп-білудің жаңа тәсілін игергендері көзге түседі, яғни дүние және оны тану үдерісі баланың сол үдеріспен толық шұғылдану және қызығу таныту жағдаятында пайда болды. Қазіргі заманғы жаңашыл жағдайларда жаңашыл міндеттер туа бастайды, соның негізгісі – дамыта оқыту педагогикасын қалыптастыру, яғни дамыта оқытудың педагогикалық не баламалық психологиясын емес, дамытушы білім берудің жүйесін қалыптастыру.



Модульдік оқыту технологиясы

Мақсаты: сабақтардың модульдік оқыту технологиясын қолдана отырып, жобалаудың тиімділігін анықтау.

Міндеттері:

- Модульдік оқыту технологиясының мазмұнымен таныстыру;
- Модульдік оқыту технологиясының құрылымын анықтау;
- Модульдік оқыту технологиясының тиімділігін анықтайтын сабақ үлгісін құрастыру;
- Модульдік оқыту технологиясының білім сапасына әсері;
- Модульдік оқыту технологиясы арқылы сабақты жоспарлаудың маңыздылығы таңдауға ерікті.

Модульдік оқыту технологиясының тиімділігі

Мұғалім үшін

- 1) қысқаша сызбалар арқылы түсіндірілуі;
- 2) оқушылардың әрбір сабақта іс-әрекетін бағалау үшін диалогтық қарым-қатынас негізінде танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру;
- 3) барлық тақырыптар бойынша тест, сынақ жүргізу.

Оқушы үшін

- 1) өз ойларын толқы жеткізе алмауы;
- 2) материалды мұғалімнің жеңілдетіп түсіндіруін қалауы;
- 3) нақты фактілерге мән бермеуі;
- 4) білімді жинақтауға мән бермеуі.

Модульдік оқыту технологиясы

МАЗМҰНЫ

1. Оқытудың жалпы мақсатын қою;
2. Жалпы құрылған мақсатты нақтыландыруға көшу;
3. Балалардың білім деңгейін алдын ала бағалау;
4. Оқу әрекетінің жиынтығы;
5. Нәтижені бағалау

ҚҰРЫЛЫМЫ

- Кіріспе бөлім (модульге, тақырыпқа енгізу)
- Сөйлесу бөлімі (оқушылардың танымдық қызметін өзара сөйлесу негізінде ұйымдастыру)
- Қорытынды бөлім (бақылау)

ДЕҢГЕЙЛЕРІ

1. Репродуктивтік деңгей
2. Алгоритмдік деңгей
3. Эвристикалық деңгей
4. Шығармашылық деңгей



Жобалап оқыту технологиясы



Негізгі мақсат – оқушылардың қызығушылық ынтасын дамыту, өз бетімен жұмыстарын жүргізу арқылы білімдерін жетілдіру, ақпараттық бағдарлау біліктілігін қалыптастыру, сыни тұрғыдан ойлау қабілетін арттыру арқылы оқушыны болашақта әр түрлі жағдаяттарда, әр түрлі қоғамдық ортада өзін өзі көрсете білуге бейімдеу.

Т.Әбдікәрімнің айтуынша, "жобалар әдісінің негізіне «жоба» ұғымының мәні, оның қандай да бір тәжірибелік немесе теориялық мәнді мәселені шешу арқылы алуға болатын нәтижеге деген прагматикалық бағыты салынған. Бұл нәтижені нақты тәжірибелік іс-әрекетте көруге, түсінуге, қолдануға болады" .

Жобалап оқыту технологиясының ерекшеліктері

Біріншіден, бұл технология – кредиттік оқу жүйесін жүзеге асыруға мүмкіндігі мол технология.

Екіншіден, жобалай оқыту технологиясының философиялық, гуманистік, психологиялық мүмкіндіктері студенттің жеке тұлғасын дамытуға бағытталады.

Үшіншіден, бұл технологияның артықшылығы–жоба жұмысын орындау арқылы студент өздігінен шешім жасауға үйренеді, жобаның орындау логикасын анықтайды.

Төртіншіден, бұл технология студенттің білім деңгейін дамытуға көмектеседі, себебі ол өз бетінше әрекетке түсіп, ізденеді.

Бесіншіден, бұл технология бойынша студент тақырыпты өзі таңдауына мүмкіндік алады.

Алтыншыдан, жобалау технологиясы оқытушыға да, студентке де жұмысына, ғылыми дәлелдемелеріне қанағаттану сезімін ұялатады .



Компьютерлік оқыту технологиясы

- ❑ оқушылардың өзіндік реттеу қабілетін дамыту;
- ❑ оқушының әлеуметтік пісіп жетілген тұлғалық сапаларын тәрбиелеу арқылы оқушының өзін өзгертуге бағытталған процесс;
- ❑ компьютер оқу процесін іскерлік тұрғыда ұйымдастырудың барынша адекватты техникалық құралы;
- ❑ компьютер белсенді әріптес рөліне еніп, оқушылардың іс-әрекет ынтасын арттыра түседі;
- ❑ компьютердің бағдарламалық оқыту процесінің тұтастығын бұзбастан оны оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып ұйымдастыруға жол ашады.

ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ:

ТҰЖЫРЫМДЫҚ ЕРЕЖЕЛЕРІ:

✓ Оқыту – оқушының компьютермен жұмыс істеуі;

✓ Бейімделу ұстанымы, яғни компьютерді баланың жеке ерекшеліктеріне қарай ыңғайлау;

✓ Оқытудың диалогтық сипаты;

✓ Басқару: кез-келген уақытта мұғалімнің түзетуі болуы мүмкін;

✓ Баланың компьютермен өзара қатынасы «объект» бойынша;

✓ Жеке және топтық жұмыстың тиімді үйлестірілуі;

✓ Оқушының компьютермен жұмыс кезінде психологиялық қолайлы жағдай туғызады.



Мультимедиалық оқыту технологиясы

Дәстүрлі оқытумен салыстырғанда білім беру жүйесінде мультимедиа технологияларды қолдану келесі артықшылықтарға ие:

- ❖ түрлі-түсті графиканы, анимацияны, дыбыстық сүйемелденуді, гипермәтінді пайдалануға рұқсат етеді;
- ❖ қағазға басып шығаруға және көбейтуге аз шығын кетеді;
- ❖ әрқашан жанарту мүмкіншілігі бар;
- ❖ интерактивті веб-элементтер орналастыру мүмкіндігі бар, мысалы, тесттер немесе жұмыс дәптерлерді;
- ❖ дәйексөз алу үшін бөліктерді тасымалдауға немесе көшіруге мүмкіндік бар;
- ❖ гиперсілтемелердің көптігіне байланысты материалды бір қалыпты емес өтуіне мүмкіндіктер бар;
- ❖ білім беру сайттарында немесе электрондық кітапханаларда қосымша әдебиеттермен гипербайланысты орнатады.

№	Оқыту процесінде кездесетін қиындықтар	Мультимедиалық технологиялардың оқыту тиімділігін арттыру мүмкіндіктері	Мультимедиалық технологияларды пайдаланудағы жетістіктер
1	Объективті күрделі материалдарды оқыту	Оқу материалын бөлшектеп ұсыну	Оқушылардың оқу материалына қызығушылығы артады
2	Түсінік-ұғымдардың абстрактылығы, жалпылау, салыстыру, орнықтыру қажеттілігі	Нақты ұғым қалып-тастыру, салыстыру, жалпылау кезіндегі иллюстрациялау	Нақтыдан абстракцияға, жекеден жалпыға ауысу жеңілдігі
3	Тез немесе жай өтетін процестерді оқыту	Бейнепроекциялық құрылғылар көмегімен табиғаттағы процесс-тердің жүруін бақылау	Құбылыстар мен процестерді оқыту кезінде уақытты тиімді пайдалану



Сыни тұрғыдан ойлау - бақылаудың, тәжірибенің, ойлау мен талқылаудың нәтижесінде алынған ақпаратты ойлауға, бағалауға, талдауға және синтездеуге бағытталған пәндік шешім.

Сын тұрғысынан оқыту технологиясы

Қызығушылықты ояту кезеңінде оқушылардың бұрынғы білімдері мен сезімдеріне әсер етіп, жаңа білімге мазмұн қалап, болашақта зерттеу жүргізуге күш алуларына және орындалуы керек тапсырмалар жөніндегі жеке және топтық түсініктерді қалыптастыруларына көмектеседі.

Мағынаны тану кезеңінде оқушылар жаңа мәлімет пен идеяны немесе жаңа мазмұнды игеріп, іске асырады

Ойтолғаныс кезеңі үйрену процесінің соңғы фазасы болады да, бұл кезеңде оқушылар алған білімдерін сыртқа шығарып, түсінгендерін өз сөздерімен жеткізе бастайды



Проблемалық оқыту технологиясы

Ерекшеліктері

- Оқушының жаңа ұғымды өз бетінше ізденуге, шығармашылық әрекетке бағыттайды.
- Оқушылар алдына танымдық проблеманы бірізді және мақсатты қоюды көздей отырып, мұғалімнің көмегімен жаңа білімді меңгереді
- Ойлаудың ерекше түрін қамтамасыз етеді, оқушылардың білімі берік, сондай-ақ алған білімді шығармашылықпен өз тәжірибесінде пайдалана алады.

Оқытуда проблеманың 4 деңгейі бар:

1. Мұғалім проблеманы өзі қойып, оны оқушыларды қатыстыра отырып, өзі шешеді.
2. Мұғалім проблеманы өзі қояды, оқушыларға өзі қояды, оқушыларға өз бетінше орындауға шығармашылық тапсырмалар береді немесе проблемаларды шешіп дағдыланған мұғалімнің басшылығымен проблеманы шешеді.
3. Оқушылар проблеманы қойып, мұғалім көмегімен оны шешеді.
4. Оқушылар проблеманы қойып, оны өзі шешеді.



Пікірсайыс, ойын, тренинг технологиясы

Пікірсайыс дегеніміз - белгілі тақырып көлемінде арнайы ережелермен шектелген сөз жарыстыру, білім таластыру өнері.

Пікірсайыс технологиясының мүмкіндіктері:

- Субъектілер арасында мәлімет алмасуды қамтамасыз ету.
- Білім беруді мақсатты, саналы түрде ұйымдастыру.
- Білімді жүйелі түрде пайдалануды үйрету.
- Мәселенің жан жақты сырларын ашу.
- Мәселенің негізін, түйінін анықтау.
- Сын тұрғысынан ойлауды үйрету.
- Шығармашылық қабілетін ашу.
- Логикалық ой өрісін дамыту.
- Сөйлеу мәнерін дамыту.
- Ғылыми ізденіске баулу.

«**Тренинг** - жеке тұлғаның дамуына және өзара әрекеттестік, өзара қатынас саласында компоненттілікті жетілдіруге бағытталған жаттығулар жүйесі»

Оқудың басқа формаларынан тренингтің айырмашылығы:

- мақсаты шектеулі**- алдына шағын мақсат қояды, сол мақсатқа жету үшін ғана жұмыс жасайды;
- өзіне ілестіру бағыттылығы**- кең көлемде білім бермесе де, қандай да бір мәселенің жеке жақтарын терең ашуға тырысады;
- қолданбалық сипаттылығы** - оқытудың басқа әдістерімен салыстырғанда алған білімнің өмірге тікелей пайдалануымен ерекшеленеді.

Назарларыңызға рахмет!